

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ


БЕКІТЕМІН

«Болашақ» университеті

ректорының м.а.

А.Шильманова

2022 ж.



СТУДЕНТТІК ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚЫЗЫЛОРДА, 2022 ЖЫЛ

СТУДЕНТТІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Студенттер үйі университет студенттерінің оқу мекемесінде білім алып жатқан кездерінде тұруларына арналған.
2. Тиісті құжаттарды тапсырғаннан кейін студенттер үйінің тұрғын бөлмелерін студенттерге бөліп беру жоғары мектептер декандарының құзырлығында.
3. Студенттерді студенттер үйіне орналастыру кезінде санитарлық нормалар сақталуы тиіс.

II. Студенттер үйінде тұратын студенттердің құқықтары мен міндеттері

1. Студенттер үйінде тұратын студенттер құқылы:

- бөлмелерді, жабдықтарды пайдалануға;
- студенттер үйінің студенттік кеңесінің құрамына сайлануға және сайлауға;
- тұрмысқа байланысты барлық мәселелерді талқылауға қатысуға;

2. Студенттер үйінде тұратын студенттер міндетті:

- ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- барлық бөлмелерде тазалық пен тәртіпті сақтауға;
- тұратын бөлмелер мен қоғамдық қолданылатын орындардағы жабдықтар мен құрал-саймандарды ұқыптап ұстауға;
- электроэнергияны мен суды үнемдеуге;
- өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;
- тұру ақысын уақытында төлеуге;
- іс-шараларға қатысуға.

III. Басқарудың қоғамдық органдары

1. Жалпы жиналыста ашық дауыс берумен студенттер үйінде тұратын студенттер қатарынан жатақханың студенттік кеңесі сайланады. Оның құрамына кеңес төрайымы мен қабаттардың басшылары (староста) кіреді;
2. Кеңестің құрамы кеңес төрайымымен бекітіліледі;
3. Кеңес мүшелернің саны тұратындар санына байланысты жиналыста белгіленеді;
4. Студенттік кеңес жылдық жұмыс жоспарын құрайды;
5. Студенттік кеңес студенттік істер және халықаралық қатынастар жөніндегі проректордың тікелей жетекшілігінде болады;
6. Студенттік кеңес айына 1 рет (немесе қажеттілігі бойынша) жиналады, әр бір жиналыс хаттамамен расталады;
7. Студенттік кеңесі келесі секторлар бойынша жұмыс атқарады:
 - санитарлық;
 - мәдени-көпшілік;
 - спорттық;

-редакциялық алқа;

IV. Студенттік кеңестің мақсаттары

1. Жаңадан қабылданған студенттердің бейімделуі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
3. Тәртіпті, моральдық және этикалық нормаларды сақтау;
4. Салауатты өмір салтын сақтауды насихаттау;

V. Студенттік кеңестің міндеттері

1. Студенттер үйінде тұратындардың мүдделерін қорғау;
2. Тұрғындарға студенттік өмірге байланысты ақпараттарды өз уақытында жеткізу;
3. Тұрғын бөлмелердің, санитарлық тораптардың санитарлық жағдайына тұрақты түрде тексерулер жүргізу;
4. Мәдени-көпшілік шаралар өткізу;
5. Университет ректоратына студенттер үйінде орын алған құқық бұзушылық туралы хабарлау;
6. Тұрғындардың сабақтан тыс уақыттарында өзіндік жұмыс пен демалыс жағдайларын жақсартуға қол жеткізу;
7. Ішкі тәртіп ережелерін студенттер үйінде тұрғындардың барлығының орындауларына қол жеткізу;
8. Өз жиналыстарында студенттік кеңес мүшелерінің, қабат старосталарының есептерін тыңдау.

Студенттік үкімет отырысында қаралды.

№ 1 хаттама « 09 » 09 2022 жыл

